

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ

4-5



Бүгінгі санға



АСЫЛ ӨНЕРГЕ
БАУЛИТЫН
ҰСТАЗ



ЖАДЫРАЛЫ
ОТБАСЫ



ОСЕННИЙ
СИНДРОМ:
5 ПРИЗНАКОВ
СЕЗОННОЙ
ДЕПРЕССИИ

ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНЕ 600-ДЕН АСТАМ ШЕТЕЛ АЗАМАТЫ ОҚУҒА ТҮСТІ

Жұбанов университетіне биыл оқуға түскен 5 мыңға тарта студенттің 600-і шетелдік. Шетелдік студенттердің көпшілігі Өзбекстаннан, Қырғызстаннан, Монғолиядан, Қытайдан және көрші Ресейден. Бұл нәтиже университетте кәсіби бағдар беру жұмыстарының жаңашыл бағыттағы жемісі. Айта кету керек, оқуға түскен шетел азаматтарының көбі өз қандастарымыз. Олар бірінші жылы университетте басшылығы шешімімен бір жыл тегін білім алатын болады. Әрі қарай білім алу барысында үздік үлгерімі, тәртібі, ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы белсенділіктеріне байланысты оқу ақысында жеңілдіктер қарастырылады.

Білім алаңында өткен мерекелік шара барысында биыл университетте табалдырығын аттаған білім алушыларды ректор Бауыржан Ердембеков шын жүректен құттықтап, білім жолында басталған сапарларына сәттілік тіледі. Сонымен қатар ректор: «Біздің университетімізді таңдап түскен әрбір жас бұл оқу орнынан маман ғана емес, оң-солын таныған толыққанды азамат болып шығатынына кәміл сенеміз. Ол үшін оқытушы-профессор құрамы аянбай еңбек ететін болады. Жұбанов университетінде білім алу үшін бар жағдай жасалған. Республика бойынша рейтингте де мерейіміз үстем, жоғары оқу орындарының ішінде біздің университет 7-ші орында. Биылғы оқу жылында бакалавриат, магистратура, докторантураға түскендердің саны 5000-нан асты, дәлірек айтқанда 5318 білім алушыларды қабылдадық. Бұл нәтижеде ала жаз бойы демалыссыз, түн жарымына дейін құжат қабылдау жұмыстарын атқарған қабылдау комиссиясының барлық мүшелеріне үлкен рахмет айтамын», — деді.

Сондай-ақ университет жанынан биыл ашылған «Жоғары колледжге» 350 студент қабылданды, ал «Серпін» бағдарламасы бойынша білім алу үшін жаңа оқу жылында 150-ге тарта талапкер Жұбанов университетін таңдады. Олар Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Алматы облыстарынан келген жастар.

Жаңа оқу жылына облыс әкімі бөлген гранттардың жартысынан астамы Жұбанов университетіне беріліп, оған 55 студент ие болды. Ал 150 студент облысымызда белгілі 45 кәсіпорындар мен әртүрлі қорлардың демеушілік есебінен білім алатын болады.

Салтанатты шара барысында ректор Б.Ердембеков білім-



ғылым саласына сіңірген еңбегі үшін ардагер-ұстаз Валентина Гончареваның кеудесіне «Қ.Жұбанов» медалін тақты, «Шетел тілдері» факультетінің 1-курс студенті Инжифия Каликоваға елеуметтік қолдау мақсатында «Білім» гранты сертификатын табыстады, қабылдау комиссиясының 10 қызметкерін және «Серпін» бағдарламасымен оқып жатқан үлгілі студенттерді Алғыс хатпен марапаттады.

В УНИВЕРСИТЕТ ЖУБАНОВА ПОСТУПИЛО БОЛЕЕ 600 ИНОСТРАННЫХ СТУДЕНТОВ

Более 600 студентов из 5 тысяч поступивших в университет Жубанова — иностранцы. Это граждане Узбекистана, Киргизии, Монголии, Китая и России. Также интереса абитуриентов приграничных Казахстану стран, ВУЗ добился благодаря обновлённым методам профориентации. К слову, многие из иностранных первокурсников этнические казахи. Первый год обучения для них будет бесплатным за счёт университета. Последующие курсы, учитывая активность студента в учебно-научно-исследовательской деятельности, вуз предложит скидки, вплоть до 100%.

В мероприятии посвященном, 1 сентября, на Площади знаний первокурсников лучшего в регионе ВУЗа поприветствовал ректор университета Бауыржан Ердембеков: «Поступив в наше учебное заведение, вы делаете уверенный шаг в будущее. Ведь каждый наш выпускник — высококвалифицированный специалист, востребованный на рынке труда. Для этого в течение всех лет обучения созданы все условия. В республиканском рейтинге ВУЗов университет Жубанова занимает 7 место. В этом учеб-

ном году число поступивших по специальностям бакалавриата, магистратуры, докторантуры составило 5318. Этот успех — итог плодотворной работы приемной комиссии, которая все лето, без выходных, вплоть до полуночи вела приём документов у наших абитуриентов», — сказал ректор.

Также в открытии в этом году «Высший колледж» университета поступило 350 учащихся. По программе «Серпін» более 150 студентов из Южно-Казахстанской, Жамбылской, Кызылординской, Мангистауской и Алматинской областей выбрали университет Жубанова.

Из 100 выделенных образовательных грантов акима области, 55 удостоились наши первокурсники. А 150 студентов будут бесплатно учиться благодаря спонсорской помощи 45 предпринимателей региона.

В ходе торжества прошло чествование педагогов и студентов. Так медали имени К.Жубанова удостоилась ветеран образования Валентина Гончарева. 10 сотрудников приемной комиссии, студенты программы «Серпін» были отмечены благодарственными письмами. А студентке 1 курса факультета иностранных языков Инжифия Каликова вручили сертификат на бесплатное образование в целях социальной поддержки.

MORE THAN 600 FOREIGN STUDENTS ENTERED ZHUBANOV UNIVERSITY

More than 600 students from 5 thousand students are foreigners. They are citizens of Uzbekistan, Kyrgyzstan, Mongolia, China and Russia. The university has achieved the interest of students from bordering countries according to the updated methods of career guidance. By the way, many of the foreign freshmen are ethnic

Kazakhs. The first year of study will be free for them. For the following courses, the university will offer discounts up to 100%, taking into account the student's activity in studies, research activities etc. At the event dedicated to the September 1, the rector of Zhubanov University Bauyrzhan Yerdembekov greeted the first-year students:

“Choosing our educational institution, you are making a confident step into the future. Because each of our graduates - a highly qualified specialist. For this, all the conditions have been created during the entire study year. Zhubanov University is in the 7th place in the republican ranking. The number of students are 5318 in the bachelor, master and doctoral studies in this academic year. This success is the result of the hard work of the admission committee, which was accepting documents from our applicants during summer time and without rest”. In addition, 350 students entered to the «Higher College», which was opened this year. Under the program “Serpin” more than 150 students from the South Kazakhstan, Zhambyl, Kyzylorda, Mangistau and Almaty regions have chosen the University of Zhubanov. 55 of our freshmen were honored by the 100 oblast Akim's educational grants. Moreover, 150 students will study free because of the sponsorship of 45 entrepreneurs in the region. Teachers and students were honored during the celebration. The veteran Valentina Gonchareva was awarded with medal of K. Zhubanov. 10 employees of the admission committee and the students of the «Serpin» program were awarded by letters of thanks. The first year student of the Foreign Languages Faculty, Inzhifiya Kalikiva was awarded by the certificate for free education in order to social support. The best students, who represented Zhubanov University around the world, shared their secrets of success.

«РЕКТОРМЕН КЕЗДЕСУ» АПТАЛЫҒЫ МАЗМҰНДЫ ӨТТІ

Жаңа оқу жылының басында Жұбанов университетінің ректоры, профессор Бауыржан Ердембеков 1-курс студенттерімен кездесті. Был ректор екінші жыл қатарынан барлық факультеттің 1 курс білім алушыларымен кездесу өткізіп отыр.

Дәстүрге айналған кездесудің мақсаты – студенттерді университеттегі білім жүйесімен, жас-тардың ізденістері мен шығармашылығын дамыту бағытындағы жоспарлармен университеттің ішкі тәртіп ережелерімен және түрлі жеңілдіктермен таныстыру.



Бір апта бойы университет табалдырығын алғаш аттаған студенттердің сұрақтарына жауап беріп, бағыт-бағдар сілтеген ректор Бауыржан Ердембеков оларды жоғары оқу орнының соңғы жетістіктерімен таныстырды. Алғаш рет Қыздар педагогикалық институты болып іргесі қаланған оқу орнының 80 жылға жуық уақыт ішінде тек аймаққа емес, республика бойынша сапалы педагогикалық кадр дайындауда қосқан қомақты үлесін ерекше атап өтті.

Пікір алмасу сипатында ұйымдастырылған шараға Стратегиялық даму жұмыстары жөніндегі проректор Қуанышбек Шүңкеев, Оқу ісі жөніндегі проректоры Бибігүл Әбеннова, Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор Рахым Бекназаров, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, облыстық дін істері, ішкі істер басқармаларының және басқа да құзырлы мекемелердің өкілдері қатысты.

Кездесулерде 1 курс студенттерін студенттік өмірдің барлық жақтары, әсіресе қосдипломдық білім және академиялық ұтқырлық бағдарлама-сымен шетелде білімдерін жалғастыру сұрақтары көбірек қызықтырды.

ВСТРЕЧИ С РЕКТОРОМ ПРОШЛИ НАСЫЩЕННО

В начале нового учебного года ректор университета Жубанова, профессор Бауыржан Ердембеков встречается со студентами 1-курсов. Встреча с первокурсниками проводится второй год подряд.

Цель традиционной встречи – ознакомить сту-

дентов с образовательной системой университета, правилами внутреннего порядка, планами по поддержке научных и творческих изысканий молодежи.

Ректор Бауыржан Ердембеков в течение недели отвечал на вопросы студентов, давал им советы и более подробно рассказал о последних достижениях университета. Он также подчеркнул, что учебное заведение, созданное вначале как Женский педагогический институт, вот уже более 80 лет выпускает педагогические кадры не только для региона, но и для всей республики.

В мероприятии, организованном в формате обмена мнениями, приняли участие проректор по работе стратегического развития университета Кунушбек Шункеев, проректор по учебной работе Бибигүл Абеннова, проректор по науке и инновациям Рахым Бекназаров, представители областных управлений по борьбе коррупцией, по делам религии, внутренних дел и других компетентных органов.

В основном новоиспеченных студентов интересовали вопросы заграничного обучения, двойного диплома образования и студенческой жизни в целом.

THE MEETINGS WITH THE RECTOR WAS SUCCESSFUL

At the beginning of the new academic year, the rector of the University, Professor Bauyrzhan Erdembekov meets with students of the 1st year. Meeting with the 1st year students held the second year.

The goal of the traditional meeting is to acquaint students with the educational system of the university, the rules of internal order, and plans of supporting scientific and creative research of young people.

Bauyrzhan Yerdembekov answered questions from students during the week, gave them advice and spoke in more detail about the latest achievements of the university. He also stressed that the educational institution, which was first established as the Women's Pedagogical Institute, has already produced more than 80 teaching staff not only for the oblast, but also for the entire Republic.

The event was attended by Kunyshbek Shunkeyev, vice rector for strategic development of the university, Bibigul Abenova, vice rector for Academic Affairs, Rakhim Beknazarov, vice-rector for science and innovation, representatives of regional departments for anti-corruption, religion, internal affairs and others competent authorities.

Most of the newly students were interrogated by questions of overseas education, double-diploma education, and student life in general.

УНИВЕРСИТЕТТЕ ГАЛЫМЖАН НУРЫШЕВТЫҢ АҒАСЫ ҚОНАҚТА БОЛДЫ

Жұбанов университетінде 2004-2012 жылдары Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры қызметін атқарған, экономика ғылымдарының докторы, профессор, марқұм Галымжан Нұрышевтың ағасы, генерал-майор Қайыржан Нұрышев жұбайымен қонақта болды. Оларды университет ректоры, профессор Бауыржан Ердембековтің қабылдады. Кездесуге профессор Ф.Нұрышевпен қызметтес болып, енегесін көрген педагогика факультетінің бір топ оқытушылары мен университет қызметкерлері қатысты.

Кездесу соңында генерал-майор

Қайыржан Нұрышев Жұбанов университетінің беделінің жыл сайын жоғарылап келе жатқанынан хабардар екенін, кезінде оқу орнының басшысы болған бауырының игі бастамаларының жалғасын жатқанына ризашылығын білдірді.

РОДНЫЕ ГАЛЫМЖАНА НУРЫШЕВА ПОБЫВАЛИ В УНИВЕРСИТЕТЕ

Сегодня университет Жубанова посетили родные доктора экономических наук, профессора Галымжана Нұрышева, который возглавлял Актюбинский педагогический институт в 2004-2012 годы.

Брат Галымжана Жумабаевича генерал-майор Қайыржан Нұрышев с супругой были на приеме у ректора университета Жубанова про-

фессора Бауыржана Ердембекова. На встрече приняли участие и группа преподаватели и сотрудники, работавших бок о бок с Галымжаном Жумабаевичем.

Қайыржан Нұрышев в свою очередь подчеркнул, что он в курсе о достижениях университета Жубанова и выразил благодарность руководителю вуза за добрую память о брате и продолжение его дел.

RELATIVES OF GALYMZHAN NURYSHEV VISITED UNIVERSITY

Today, the relatives of Galymzhan Nuryshev, the doctor of economic sciences, professor, the head of Aktope Pedagogical Institute in 2004-2012.

The brother of Galymzhan

«ӨЗ ҰСТАЗЫҒДЫ ҚҰТТЫҚТА!» АПТАЛЫҚ ЖАСТАР АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Әр адамның өмірінде ерекше орны бар, ыстық ықыласпен еске алатын ұстазы болады. Жұбанов университетінің белсенді студенттері қоғамдық көліктерде қала тұрғындары мен қонақтарының естеріне ұстаз алдындағы борыштарын естеріне салды. Аталмыш шара Ұстаздар күні қарсаңында арнайы ұйымдастырылып отыр. Шараға 250-ден астам студент қатысты.

ПРОШЛА НЕДЕЛЬНАЯ МОЛОДЕЖНАЯ АКЦИЯ «ПОЗДРАВЬ СВОЕГО УЧИТЕЛЯ!»

На жизненном пути каждого человека есть учитель, которого с удовольствием и особой теплотой мы вспоминаем. В преддверии Дня



учителя студенты-активисты всех факультетов университета Жубанова в общественном транспорте напоминали горожанам о долге перед педагогами, раздавая пассажирам флаера со слоганом «Поздравь своего учителя». В ней участвовали 250 студентов.

THE WEEK OF ACTION, "CONGRATULATE YOUR TEACHER!"

On the life path of each person, there is a teacher, who we remember with pleasure and special warmth. On the eve of Teacher's Day, students of all faculties reminded about teacher's day in public transports by giving passengers a flyer with the slogan "Congratulate your teacher". About 250 students took part in it.

Zhumabayevich, Major General Kayyrzhan Nuryshev and his wife visited the rector of Zhubanov University, Professor Bauyrzhan Erdembekov. A group of people who worked side by side with Galymzhan Zhumabayevich also took part in the meeting.

Kaiyrzhan Nuryshev noted that he was aware of the achievements of Zhubanov University and expressed gratitude to the head of the university for the good memory of his brother and the continuation of his work.

Айдың айшықты жаңалықтары <http://news.arsu.kz> материалдары негізінде дайындалды. Главные новости месяца подготовлены по материалам <http://news.arsu.kz>

The important news of the month was prepared by <http://news.arsu.kz> site materials

Ау ақамы

Әйгілі ағылшын ағартушысы Уильям Уорд:

Жай мұғалім хабарлайды, Жақсы мұғалім түсіндіреді, Керемет мұғалім көрсетеді, Ұлы мұғалім шабыттандырады, – дейді. Ұстаздық өмір жолын таңдаған әр жан болашақтың бағбаны екенін жақсы түсінеді. Заманына лайық өз кәсібінің майталманы болсам деп, әр күнін шәкірт тәрбиелеумен, оқытумен, өз білімін жетілдірумен өткізеді. Сондай жаңашыл ұстаздың бірі, қыркүйек айы қорытындысы бойынша ай адамына лайық деп танылған кейіпкеріміз – «Қаржы және есеп» кафедрасының доценті, экономика ғылымдарының кандидаты Иманбаева Зауреш Отегенқызы жаңа оқу жылы басында қауымдастырылған профессор ғылыми атағына ие болды. Зауреш Отегенқызының сонымен қатар Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, Ресей Жаратылыстану академиясының профессоры деген атақтары да бар.

Зауреш Отегенқызы күншауақ мінезімен, асылжандылығымен шәкірт жүректерін баурай алған жас ұстаз. Нәтижеге еңбек ететін жан. Шәкірттері ұстазымен мақтанса, ұстазы шәкірттерімен мақтанады. Зауреш Иманбаеваның ұстаздық өмірінің үйлесімді ерілімі жайлы үзік сырларын журналист Гүлнара Дауылбайқызы тыңдап келді.

Нәтижелі іс – еңбекқорлық пен табанғылықта

Істі игі ниетпен сәтті бастау жетістікке жартылай қол жеткенмен тең. Әркез өзіңіздің қалайда оң нәтиже алатыныңызға сену керек. Бұл сенім жетістікке жетелейді. Егер адам шын ниеттенсе, қолынан көп іс келеді. Алынбайтын асу жоқ. Бұл қанатты сөздің астарында игі ниет, адал ой ойлап, талаптанып, еңбек еткен адамның жетпейтін жетістігі, алмайтын асуы жоқ деген ой бар. Өмірде әркім өзінің жолын табуға талпынып, жетістікке жетуді армандайды. Бірақ барлығы бірден біз ойлағандай тез болмайды. Олар еңбекқорлықпен, асқан табандылықпен келеді.

Мен, қауымдастырылған профессор ғылыми атағын

Человек месяца



ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ

алуды 2011 жылы кандидаттық диссертациямды қорғағаннан кейін алдыма мақсат етіп қойғаным Содан бері Мәскеу (Ресей), Орынбор (Ресей), Краснодар (Ресей), (Deutschland) Германия, (Brussels) Бельгия, (Westwood) Канада, Дубай (Біріккен Араб әмірлігі), Астана, Алматы, Павлодар, Атырау, Ақтөбе қалаларында өткізілген 35-тен астам халықаралық және республикалық ғылыми симпозиумдарға, форумдар мен конференцияларға қатыстым. Осы жылдары ғылыми-әдістемелік мақалаларымды шетелдік, республикалық ғылыми басылымдар мен жинақтарда және аталған халықаралық, республикалық конференция материалдарында жариялады. Бүгінде ғылыми-әдістемелік мақаларымның саны 35-ке жуықтады, оның ішінде 3 мақалам Халықаралық Скопус базасына кіретін ғылыми басылымдарда, 11 мақалам ҚР БҒМ БҒСБК бекіткен

басылымдарда жарық көрді.

Егер адамның алдағы мақсаты мен көкейдегі арманы өзіне ғана емес, өзгелерге де пайда беретін іске бағытталса игілігі болады деп ойлаймын. Алдыма қоятын әр мақсатымды жан-жақты, тиянақты ойластырып аламын, оның орындалуына қажет ізденіске, білімге кететін уақыттарымды белгілеймін. Сосын өзімді ішкі сенім мен тынымсыз еңбекке қалыптаймын.

Студенттермен жұмыс жасаған ұнайды

Уақыт жүйрік. Заман ағымы бірқалыпты болмайды, олығи да өзгерістерге толы. Сол өзгерістерге ілесе алу үшін үнемі ізденіс қажет. Болдым, толдым деу бүгінгі уақыт талабына мүлдем сай емес. Оның үстіне ұстазбын. Менің міндетім алдымда отырған әр жасты мамандыққа оқытып,

баулу ғана емес, оларға дұрыс тәрбие беру, жаңашыл істерге жетелеу. 15 жыл педагогтік өмірімде ерқашан біліктілігімді жетілдіруге ұмтылып келемін. Студенттермен жұмыс жасаған ұнайды. Мен басқаратын «Жас бухгалтер» ғылыми-тәжірибелік клубында зерделі жастар көп. Мағыналы бас қосуларымыздың нәтижесі — клуб мүшелері халықаралық, республикалық деңгейдегі ғылыми, пәндік жарыстарда талай рет жеңімпаз атанды. Мысалға, студенттерім: Н.Ұлықпанованың, Б.Толегенованың, А.Мукатаеваның ғылыми ізденістері Мәскеу қаласында өткізілетін студенттік ғылыми форумда «Үздік студенттік ғылыми жұмыс» марапатын иеленіп, маған «Үздік ғылыми жетекші» дипломы тапсырылды. А.Ахметова, Ф.Жулаева, Ж.Байранбаева, Т. Нурғали республикалық пәндік олимпиада жеңімпаздары болды, ал А.Шындаулетова Халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференцияда жүлделі орын алды. Бұл шәкірттеріміздің кейбірі бүгінде оқуларына аяқтап, саласы бойынша еңбек етуде. Өткен жылы бастау алған «Менің арманым» стартап жобалар байқауына «Есеп және аудит» мамандығының 3 курс студенті Г. Бегеевамен қатысып, 2 жоба ұсындық. Жобаларымыз төрттік финалға өтіп, студентім Астана қаласына жолдама алды. Одан ері жартылай финалға, финалға өтті. Сондай-ақ шәкірттерімізмен бірге «Жаңашыл ұстаз» байқауына қатысып, жүлделі екінші орын алдым. Биылғы оқу жылында алдымызға жаңа жоспарлар қойып, соны орындау үшін еңбек етудеміз.

Мекемеге басқару есебін жоспарлаудың маңызы зор

Зерттеу нысандарымның ішінде басқару ісіне көбірек мән беремін. Бұл мәселе барлық уақытта маңызды. Оның үстіне нарықтық қатынас кезеңінде өзектілігі жоғарылап тұр. Болашақ қаржы және есеп мамандарының назарын осыған тиянақты түрде аударған абзал.

Осы «Басқару есебі» курсы бойынша қысқаша дәріс жинағын (Ақтөбе, 2012), практикалық

сабақтарға арналған қазақ тілінде әдістемелік нұсқауын (Ақтөбе, 2014), тест жинағын (Ақтөбе, 2015), орыс тілінде практикалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқауын (Ақтөбе, 2015), тағы да толықтырып, дәріс жинағын (Алматы, «Экономика» баспасы, 2016) шығардым. «Басқару есебі 1», «Басқару есебі 2» пәнінен электронды оқулығым білім беру порталына енгізілген.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев 30 дамыған елдің қатарына ену үшін барша Қазақстан халқына айырықша міндет жүктеді. Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі жоғары деңгейде дамып, әлемдегі дамыған елдердің қатарына қосылу қажеттігін Президент әр Жолдауында басты мақсат етіп алады. Бүгінгі күні кәсіпорынның тиімді жұмысы бас-

Кәсіби бухгалтер мамандығына сұраныс жоғары

Әлемнің өзгеріп жатқаны, жаһандандудың да төрімізге шыққысы келіп тұрғаны белгілі. Әлемдік кеңістікке басқалармен тең болып ерудің басты алғышарты — адами капиталды дамыту.

Әлбетте, кәсіби бухгалтер мамандығына деген сұраныс қашанда жоғары болған. Солай бола береді де. Әсіресе, ірі, орта және шағын бизнес компанияларына қаржылық есептіліктің, аудиттің халықаралық стандарттарын терең меңгерген, салық кодексінің жақсы білетін, кәсіби сауатты, мықты бухгалтерлер аса қажет. Нарық билеген заманда жаңаша ойлап, ұтқырлық танытпасаңыз уақыт көшіне



қарудың барлық деңгейлерінде, басқару есебінің жақсы жолға қойылған жүйесінсіз мүмкін емес. «Басқару есебі» жоспарлау, жедел бақылауды қамтамасыз етеді. Алайда, көптеген кәсіпорындар басқару есебін дұрыс ұйымдастыра алмайды. Сондықтан, өндірген өнімдеріне көп шығын кетіп, оны нарықта жылжыта алмай, кәсіпорын қиын жағдайларға тап болады.

Қазіргі тәжірибедегі маңызды міндет — қаржы-экономикалық тұрақтылыққа және кәсіпорын қызметінің тиімділігіне жетуге бағытталған шешімдерді өңдеу және орындау. Дамыған экономиканың қазіргі кезеңіндегі маңызды міндеті — жоспарлаудың, есептің, бағалаудың, калькуляциялаудың, талдау және бақылаудың бірдей қағидалары негізінде, өндірісті басқару жүйесін дамыту болып табылады. Осындай жағдайда, кәсіпорын қызметінің өндірістік-шаруашылық тиімділігін көтеру резервтерінің барлығын жұмылдыруда қажетті құрал болып табылатын басқару есебінің рөлі өсуде.

ілесеміз алмай қалуыңыз әбден мүмкін. Сондықтан да, бухгалтерге жүктелер сенім ерекше. Өйткені, бәрін есеп шешеді емес пе...

Біздің елімізде есеп-қисап мамандарын кәсіби тұрғыда өте жақсы деңгейде әзірлейтін оқу орындары баршылық. Соның бірі — біздің университет. Білім ордамыз халықаралық стандарттың заманауи талаптары бойынша кадрлар даярлауда алдыңғы орында тұр. Олай дейтінім, профессор-оқытушылар құрамын тәжірибелі ұстаздар құрайды.

Ұстаз еңбегінің нәтижесі — шәкірт алған білім деңгейі. ЖОО бітіріп мамандығы бойынша жұмыс жасап жатқан шәкірттеріміз арасынан Ахметова Айдананы, Жолаева Фаризаны, Байранбаева Жанботаны, Нурғали Таншолпанды, Шындаулетова Алтынайды, Ұлықпанова Нұржауғанды айта аламын. Ғылыммен белсенді айналысып жүрген шәкіртім — Бегеева Гулнұр. Өте алғыр студент.

«Сұлу күз» сериясынан

Фотограф Есет Сарғузин



5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Өткен жылы ҚР Премьер-Министрінің қаулысымен 5-ші қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні болып бекітілді. Бұған дейін бұл мереке қыркүйек айының үшінші жексенбісі күні аталып өтілетін. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұвтың туған күніне лайықтап белгіленген мереке республика бойынша кең көлемде тойланды. Қалың жұртшылыққа мемлекет қайраткері ретінде кеңінен мәлім А.Байтұрсынұвтың қысқа ғұмырында тіл білімі және оны зерттеуге, педагогикаға, публицистикаға, аударма саласына сіңіріп кеткен еңбегі орасан. Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық

училищесінде меңгеруші қызметін атқарды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелерін көтерген саяси қызметіне байланысты жандармдық бақылауға алынып, түрмеге де жабылды. Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсынұвты қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару туралы бұйрық шығарып, Орынбор қаласында ол 7 жыл тұрды. Онда да құр қол жүрмей сенімді достарымен, қазақтың біртуар ұлдары: Ә.Бөкейханов, М.Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыла-

рының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды.

«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жазба алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы – жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман...», деп жазды ол.

Ахмет Байтұрсынұвтың ұлтым деп соққан жүрегі 1937 жылы 8-ші желтоқсанда тоқтады. Ғалымның соңында қалған бағалы еңбектері әлі зерттелуде.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰВЫ –

**Садуақас Нұрбол
Абдуллаұлы,
филология ғылым-
дарының кандидаты,
«Теориялық және
қолданбалы тіл білімі»
кафедрасының
доценти**

Өткенге ой жіберіп, таразылайтын болсақ, ХХ ғасырдың бас кезінде өмір сүрген қазақ зиялыларының арасындағы шоқтығы биік тұлға деп Ахмет Байтұрсынұвтың есімін бірінші кезекте ауызға аламыз. Шындығында да, ол қалдырған мұраны саралай келе ұлт ұстазы Ахмет айналыспаған саясаттың да, ғылымның да саласы жоқ екендігіне, оның артына қалдырған мұрасы мен айтқан ойларының осы күні де өзінің өзектілігін жоймағандығына көз жеткіземіз. Табиғатынан ерекше дарын иесі Ахмет Байтұрсынұвтың тілтаным саласындағы еңбектері қазақ тіл білімінің алғашқы ғылыми теориялық негізін қалауға ұйтық болды.

Ахмет Байтұрсынұвтың 1912 жылы шыққан «Оқу құралы» деп аталатын алғашқы оқулығы қазақ балаларының тұңғыш рет өз ана тілінде әріп танып, жазуға үйренуіне жол көрсетті. Бұл еңбек қазақтың ұлттық жауын қалыптастырудағы

алғашқы табысы болды. 1914 жылы шыққан «Тіл - құрал» еңбегі тіл заңдылығын үйрету құралы, яғни қазақ тілінің теориялық мәселелерін танытатын алғашқы еңбек болса, 1920 жылы тілді дұрыс қолдана білу тәртібін үйрететін «Тіл жұмсар» еңбегін, одан кейін тілді оқыту, сауат аштыру әдістемесі жөнінде «Баяншы», «Әліпби астары» деген оқулықтар жазған.

А.Байтұрсынұлы тіл тазалығы, тілді терең меңгеру, ұлттық тәрбие баланың алғашқыда өз ана тілінде сауат ашуына байланысты екендігін атап көрсетіп, «Тіл - құрал» еңбегінде: «Әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше, әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуы тиіс», - деп жазды.

А.Байтұрсынұлы қазақ тілі сөздерін әуелі атауыш сөздер, шылау сөздер, одағай сөздер деп үш топқа бөліп, атауыш сөздерге зат есім, сын есім, есімдік, етістікті, шылау сөздерге үстеу, демеу, жалғаулықты, одағай сөздерге одағайларды, еліктеу

сөздерді жатқызады. Ғалым қазақ тілі сөздерін осылай жіктегенде сөздің лексикалық мағынасын басшылыққа алып, сөздің қаншалықты дербес, дербес еместігін ескеріп, толық лексикалық мағыналы болуы сөздің тәуелсіздігін танытса, лексикалық мағынасынан жарылай ажырау нәтижесінде дербестігі шартты түрде болған сөздерді бөліп қараған. Сонымен бірге А.Байтұрсынұлы «Тіл - құрал» еңбегінің синтаксиске арналған бөлімінде зат есімнің бастауыш, толықтауыш қызметінде, сын есімнің анықтауыш қызметінде, етістіктің баяндауыш қызметінде, үстеудің пысықтауыш қызметінде жұмсалауының, бұны әр сөз табының синтаксистік белгісі ретінде көрсетуінің маңызы зор.

Қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру теориясына қатысты мәселелерді алғаш қозғаған А.Байтұрсынұлы сөздің семантикалық жағына назар аударса, оның ойын жалғастырған профессор Қ.Жұбанов сөздерді таптастыруда сөздің семантикалық жағымен қатар грамматикалық құрылымына да қарап, сөз таптастыруда лексика-грамматикалық бағыттың пайда болуына жол салған еді. Ахмет Бай-

тұрсынұлы еңбектерінде айтылған мәселелер қазақ тілін зерттеу ісінің барлық саласының ғылыми бастауы болып, қазақ тіл білімінің ғылыми теориялық негізін қалыптастырды. Сондықтан қазіргі кезде ғалым еңбектеріндегі кейбір категориялар басқа терминдермен аталып, басқа қырынан түсіндіріліп жүргенімен, түпкі негізі Ахмет Байтұрсынұлы ойлауымен ұштасып жатқанын білуіміз қажет. Мысалы, Ахмет салалас құрмалас сөйлемді 5 түрге бөліп көрсетсе де, қазіргі қазақ тілі синтаксисіндегі көрсетіліп жүрген 8 түрі де қамтылады. Сондай-ақ, сабақтас құрмаластың 10 түрін көрсетсе де, қазіргі 6 түрін толық қамтиды. Мысалы, қазіргі бір ғана шартты бағынықты сабақтасты Ахмет Байтұрсынұв 5 түрге бөліп көрсетеді: 1.Бастауыш бағынықты сөйлем (Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер; 2.Анықтауыш бағынықты сөйлем (Кімнің жерін жерлесен, соның жырын жырлайсың); 3. Толықтауыш бағынықты сөйлем (Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің); 4. Мекен пысықтауыш бағынықты сөйлем (Егін қайда болса, береке сонда болады); 5. Шартты бағынықты сөйлем (Көсеу ұзын болса, қол күймейді); Қазір бұлай бөліп оқытпа-

сақ та, шартты бағынықты сабақтастың табиғаты осы мәселелерді түгел қамтиды. Сондықтан А.Байтұрсынұлының әр ой-тұжырымы далада қалмай, сол категорияны терең тануымызға қызмет етіп тұрғанын байқаймыз.

Қазіргі кезде мемлекеттік мәртебеге ие тілімізді шын мәнісінде ғылым тіліне айналдыру бағытында өз ана тіліміздің төл терминдерін қалыптастыруға ерекше назар аударылып отыр. Осы мәселені өз кезінде А.Байтұрсынұлы көтерген еді. Ғалым терминді «пәнсөзі» деп атап, «Пәнсөзі ретінде тиісті ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөзін алу» деген принципті ұстанған. А.Байтұрсынұлының қазақ тілі терминдерін жасау тәсілдерін төмендегіше бірнеше топқа бөліп көрсетуге болады: 1. Түбір тұлғадағы терминдер(сөз, дыбыс, әріп, емле, қатаң, уяң, нүкте, буын т.б.); 2.Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған терминдер: а)–лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік(жалғау-лық, -тық/-тік); б) –және-және, еке-лік, өз-дік, есім-дік, етіс-тік, көп-тік); ә) –лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті(тұрлаулы, сұрау-лы, болым-ды, толым-ды, леп-ті, дауысты); б) –сыз/-сіз(дауыссыз, толым-сыз, ырықсыз); в) –ша/-ше (сызық-



ды: кислый(қышқыл), туман(тұман), буран(боран), кусок(кесек), сундук(сандық), бурый(бурыл), серый(сұр), край(қыр), т.б.

Ахмет Байтұрсынұлы есімі қазақ жазуы мен әліпбиі тарихымен де тікелей байланысты. Адамзат мәдениеті тарихында әліпби мен жазудың маңызы ерекше. Жазу – адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, әлеуметтік өмірдің барлық саласында кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал. Әр халықтың рухани,

зуы таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы еместігін байқап, 1910 жылдардан бастап оны қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қайта түзеп, жаңа әліпби құрастырып шығарады. Сөйтіп А.Байтұрсынұлы реформалаған қазақ графикасы дүниеге келіп, 1924 жылы Орынборда өткен қырғыз-қазақ білімпаздарының тұңғыш құрылтайы оны ресми түрде қабылдайды. Бұл әліпбиді халық «Байтұрсынұлы алфавиті», «Байтұрсынұлының төте жазуы» деп атаса, сол кездегі орыстың белгілі ғалымдары, профессорлар Е.Д.Поливанов пен Н.Ф.Яковлев өте жоғары бағалады. Графикалық лингвистикаға сүйенсек, жақсы әліпби бірнеше ғылыми талаптарға жауап бере алатын болуы керек: 1. Әліпбиде әріптер саны тілдегі сөз мағынасын ауыстыра алатын дыбыстар санына тең болуы керек; 2. Әліпбиде әріптер саны өте көп болмау керек; т.б. Осы негізгі екі қасиет А.Байтұрсынұлының төте жазуында да сақталған екен. Сонымен бірге бұл әліпбиде орфографияға қосымша таңба – дйекшінің ендірілуі үлкен ғылыми жаңалық болғанын ғалымдар кейіннен атап көрсеткен болатын. Сондықтан қазақ тіл білімі ғылымында А.Байтұрсынұлы араб әліпбиін тұңғыш реформалаушы және соған сәйкестендіріп, емле ережелерін құрастырушы, қазақ жазуы мен әліпбиінің тағдырын шешкен ғұлама ғалым деп бағаланады. Қазіргі таңда кирилл таңбаларын қолданып, жазып жүрсек те, енді латын таңбаларымен жазуға көшіп жатсақ та жазуымыздың теориялық негіздері А.Байтұрсынұлы қалдырған ізбен жүре береді. Демек бұл жағдай оның қазақ жазуының теориясын қалыптастыру бағытында қалдырған мұрасының маңызы зор екендігін таныта түседі. Ғалым басқа тілден енген сөздер тіліміздің табиғатына, айтылу сазына кері әсер ететінін, ана тіліміздегі сөзіміз шұбарланып, әуені бұзылатынын дәлелдеп, сондықтан басқа тілдің сөзін өз тіліміздің дыбыс-

тық ерекшелігімен айту керектігін ескерткен еді. А.Байтұрсынұлы өзге тіл сөздеріндегі «х, һ, ц, ч, в, ф, щ» кірме дыбыстарды өз әліпбиіне енгізген жоқ. Бұл дыбыстарға арнайы таңба арнамаса да, қосымша әріптермен қалай жазу жолдарын көрсетті.

Қорыта айтқанда, А.Байтұрсынұлы — «Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас», - деп, ана тіліне ерекше мән берген адам. А.Байтұрсынұлындай дара тұлғаның өсиеті, қалдырған мұрасы тіл жанашырларының алға ұстар бағдаршамы болуға тиіс. Тілімізді таза ұстаймыз десек, орфография мәселесінде А.Байтұрсынұлы ұстанған қағида-даттарды басшылыққа алып, ана тіліміздің мүмкіндігін толық пайдаланып, өз тіліміздегі ғылым сөздерін қалыптастырып, сырттан кірген терминдерге балама тауып, немесе тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне сай жазуымыз қажет деп білеміз.

Егеменді ел болып, тіліміз мемлекеттік дәреже алған қазіргі таңда да Ахмет Байтұрсынұлының «Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалады» деген даналық сөзін естен шығармай, жаһандану кезеңіндегі шет тілдерінің қыспағында қалмай, тілімізді дамыта түсуге, ана тілімізді терең оқып-үйреніп, ана тілімізді сүйетін ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосудымыз қажет. Қазақ руханиятының көсемі, ұлт жанашыры, ұлы ғалым, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының өмірі, шығармашылығы, артында қалған мұрасы оның ХХ ғасырдың ірі құбылысы, сол ғасырдың данасы екендігін танытады. Ахмет Байтұрсынұлы туралы «ХХ ғасырдың ұлы реформаторы» деп текке айтылмағанын оның түпсіз терең мұрасын зерттегенде, оның сөздеріне құлақ асып, ой жібергенде ғана анық көз жеткіземіз. Сондықтан ғалымның тіл білімі саласындағы ғылыми мұрасы бүгінгі күні де, болашақта да ұрпағының кәдесіне жарай беретін асыл қазынасы деп есептейміз.

ҰЛТ ҰСТАЗЫ

ша, қосым-ша, көсем-ше, есім-ше); г) –лас/-лес, -дас/-дес, -тас/-тес(құрмалас, сала-лас, сабақ-тас); ғ) –ыс/-іс(бар-ыс, табы-ыс, жат-ыс, шығ-ыс); д) –у(сөйле-у, жалға-у, үсте-у, ата-у, жікте-у, сұра-у); е) –ыш(бастау-ыш, баяндау-ыш, толықтау-ыш, пысықтау-ыш); ж) –ма/-ме(баянда-ма, хабарлама, хатта-ма, әзірле-ме). Кезінде 30-жылдарындағы солақай саясат А. Байтұрсынұлына жазықсыз жала жауып, халық жауы деп қудалап, әр ісіне тиісіп, оның жасаған терминдерін де сынаған еді. Бірақ уақыт сыны, кейінгі ғылым дамуы А.Байтұрсынұлының барлық ісінің дұрыс екендігін көрсетті.

А.Байтұрсынұлы – тек тіл білімі ғана емес, көптеген ғылым салаларының терминдерін жасаған, қазақ терминологиясының негізін салушы, терминші ғалым. Кезінде орыс ғалымы, академик В.В.Виноградов «бір немесе бірнеше ғылыми термин жасаған адамға ескерткіш қоюға болады» деген екен. Ендеше, бір-екі термин емес, бірнеше ғылым салалары үшін термин жасаған А.Байтұрсынұлының еңбегі ұшан-теңіз деп бағалауға болады. Қазір ғылыми терминдер туралы әр түрлі пікірлер бар: бірі халықаралық термин-

дерді өзгертпей алуды ұсынса, енді бірі барлық терминдерді қазақшалауды жақтайды. Ал бұл мәселе туралы Ахмет Байтұрсынұлы атамыз: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек», - деген екен. Ізденбей, ана тіліміз үшін күреспей, тек қол қусырып отыра бермеу керектігін айтқан. Ғалым бұл ойын одан әрі толықтырып: «Өз тілдерінен пән сөзіне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала берсе, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жібереді» деп те ескертті. Қай тіл болса да, басқа тілден сөз алса, оны өз тілінің заңдылығына бағындырып, дыбыстық өзгеріске түсіріп барып алады. Мысалы, түркі тілдерінен енген орыс тіліндегі сөздерге қарап, бұған көз жеткізуге бола-

мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс ретінде жазу — өткен мен бүгінгі, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Еліміздің бүгінгі жеткен биігіне шығуы жолында жазу мәдениетіміздің де өз үлесін қосқанын жоққа шығармаймыз. Себебі жазу – мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі. Халықтың ғасырлар бойы игерген барлық жетістіктері жазу мұрасы арқылы танылады. Ахмет Байтұрсынұлы еңбек еткен алғашқы кезеңде қазақ халқының өзге түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы қолданып келген араб жазуы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін дәл бере алмайтыны, оның түркі тілдерінің ерекшеліктеріне сәйкес келмейтіні, кемшілік жақтары баспасөз беттерінде айтылып, қазақ жазуын жетілдіру керек деген мәселе көтеріле бастаған еді. Сонымен бірге патша өкіметінің саясатына байланысты Н.И.Ильминский бастаған миссионерлер және оларға ерген кейбір қазақ оқығандары қазақтың ескі жаза тілін «атарщина», «арабщина» деп жағымсыз қылып көрсете бастады. Ал бұл көзқарастардың әлеуметтік-саяси астарын терең түсіне білген А.Байтұрсынұлы араб жа-

Ұстаз бен шәкірт

Учитель и ученик

Teacher and student

Ол өмірлік кәсіп етіп білім саласын таңдағанына өкінбейді. Ол жастарды тәрбиелеуде еңбекке баулудың маңызы зор деп есептейді. Ол өзі басқаратын ұжымын құрмет тұтады. Ақжарқын, елгезек, тынымсыз ізденістегі жан. Ол шәкірттерді асыл өнерге баулитын ұстаз. Ол поэзияны жақсы көреді...

«Ұстаз бен шәкірт» айдарының бүгінгі қонағы, «Бейнелеу өнері, кәсіптік және музыкалық білім» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты Қорғанбеков Мергенбай Сейпілмәлікұлы.

ТУҒАН ЖЕР, ӨСКЕН ОРТА, ӨМІР БЕЛЕСТЕРІ

Комсомолдың (қазіргі Әйтеке би ауданы) Құмқұдығында туып, Ырғызда өстім. Әкешеден ерте айырылдым. Анам 1 жасқа толмай, әкем 4 жасымда дүниеден өтті. Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті ойдағыдай тәмамдап, Жезқазғанның педагогикалық институтының көркем сурет факультетіне түстім. Жоғары оқу орнынан әскери борышымды өтеуге Владивостокқа кетіп, сонда үш жыл тұрдым. Теңіз флотында қызмет атқардым. Институтты бітіріп, Комсомол ауданына жолдамамен келдім. Аудандық оқу бөлімінің әдіскері, спорт мектебінің директоры, аудандық жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы қызметтерін атқардым. Комсомол ауданында 1993 жылы алғашқы қазақ мектебі ашылып, тұңғыш директоры болдым. Мектепке ат беру жөнінде пікірталастар туындады. Депутаттар тарапынан Темірбек Жүргенов есімі ұсынылды. Бірақ сайлауға салынғанда халықтың жартысы қолдау білдірмеді. Сол кезде ауданның әкімі Есімхан Есенбаев бар, «Қазақ тілі қоғамының» төрағасы бар, тағы да басқа басшылар бар, мектептің атын қалай қоямыз деп ақылдастық. Мен қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы, ақын Мағжан Жұмабаевтың есімінің лайықтылығын айттым. Осы ретте тағы бір мәселе туындады. Мағжан есімі қалың көпшілікке таныс болмай шықты. Сондықтан әр ұжымда оның шығармаларымен таныстырып, кабинеттер мен мұражай ашып, халық арасында насихаттауға тура келді. Халықтың көбі мектептің ата-аналары ғой. Сөйтіп, екі айдан соң ғана қазақ мектебі М.Жұмабаев есімімен аталды. Екі жылдан соң отбасылық жағдайыма байланысты Ақтөбе қаласына көштім.

Сол жылы (1995 жылы) Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтына «Еңбекке баулу және ғылыми жаратылыста-

ну пәндер» кафедрасының оқытушысы болып орналастым, 1999-2000 жылдары инженер-техникалық факультетінде деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқардым. 2004-2006 жылдары Ақтөбе мемлекеттік педагогика институтының кәсіби-шығармашылық факультетінің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары болып жасадым, одан соң 2008 жылы кандидаттық диссертациямды қорғадым. Содан бері қарай кафедра меңгерушісі қызметін атқарып келемін.

БІЗДІҢ ҮЙДЕ ДЕ МАҒЖАН БАР

Мағжанның поэзиясына ынтықтығым ақын есімін отбасымда да ұлықтауға себепші болды. Үлкен ұлымның аты – Мағжан. Алматы энегетика және байланыс университетінің «Энегетика» мамандығының 2-курс студенті. Жұбайым Құралай екеуміз 3 бала тәрбиелеп отырмыз. Мағжанның апасы және інісі бар. Қызым Зере әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Биотехнология» мамандығы бойынша



МҰҒАЛІМДІК КӘСІПТІ ТАҢДАҒАНЫМА ӨКІНБЕЙМІН

Кеңес үкіметіндегі берілген білім – жақсы білім деп есептеймін. Сол кезде оқуға түстік қой, орысша оқыдық, «қазақ тобы» деген аты ғана болатын. Әлі есімде, Балқаш қаласында «Голубая волна» деген үлкен пионер лагері болды, соған бір маусымға тәжірибеге баратынбыз. Бір маусымда мыңға жуық бала демалатын. Сондықтан жоғары болу да оңай емес. Оның үстіне күніне 5-6 ойын өткізе алу керек. Тапсырылған міндет биігінен көріне біліп, лагерь директорының қолынан Алғыс хат алуым менің ұстаз болуға деген қызығушылығымды арттыра түскендей болды. Еңбегімнің нәтижесін көрдім. Оқушылармен жұмыс істей алатынымды сездім. Талай рет елдегі және білім

АСЫЛ ӨНЕРГЕ БАУЛИТЫН ҰСТАЗ

бітіріп, қазір саласы бойынша магистратурада оқиды. Кенжем Марғұланның жасы 5-те, балабақша тәрбиесінде. Әкереңінде бала өсіруде ата-әженің рөлі маңызды екенін

ұқтым. Сондықтан мүмкіндік болса қарттардың тәлімінде өскен бала жаман болмайды. Менің балаларымның аяқтануында да нағашы ата-әжесінің еңбектері зор.

саласындағы реформаларды бастан өткіздік. Жалақыны айлап күткен уақыттар да болды. Бірақ, оқыған кәсібің, қолыңнан келетін ісің осы...





университетінің жыл сайын мәртебесі жоғарылап келеді. Сондықтан оқытушыға қойылатын талап та қатайды, соған лайық болуымыз керек.

Оқу процесінде студенттер техникалық құралдарға сүйенеді, кітапханаға барғысы келмей тұрады. Осыған байланысты электронды кітаптар шығаруға көп мән беретін болдық. Жастарымыз өз бетінше ізденуге құмарып тұрса ғой. Өкінішке орай, ондай студенттер аз. Негізі білімпаздық мектеп жасынан қалыптасады. Жоғары оқу орнына жастың ой-санасы қалыптасып келеді. Қалыптасқан сананы өзгерте қою оңай емес. Дегенмен жастар көптілігіне ұмтыла бастады. Себебі, шетелдік білім саласына қызығады, елжерді көргісі келеді. Бұл бағытта «Музыкалық білім» және «Бейнелеу өнері және сызу» мамандықтары бойынша 6 студент академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шет елдерге: Түркия Республикасындағы Сакарія университетіне оқуға кетті. Сонымен Қытай Халық Республикасының Іле педагогикалық институтынан бізге келіп оқып жатқан студенттер де бар. Айта кету керек, шетелдік студенттер білім сапасында біздің деңгейіміздің жоғары екенін мойындап отыр.

Бүгінгі студентке қарап, «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» дейді әл-Фараби... Жақсы оқып кеткен шәкірттеріміздің кейбірі назардан көрінбей кетеді. Ойлаймын, олар өздерін үлкен өмірдің талаптарына бейімдей алмай қалды ма деп... Дегенмен, мақтанатын мамандық түлектері өте көп, олар бізбен өлі де байланыс жасап тұрады. Көбі аудандық мектептерде қызмет етеді, олардың ішінде мектеп директорлары бар. Түрлі ғылыми жобаларда, білімге қатысты шараларда әріпте ретінде кездесіп қалып жатамыз. Шәкіртіміз Ләззат Оразбаева — Ақтөбе облыстық білім басқармасының басшысы, Ерік Нұрмахан — қалалық №49 мектеп директоры, Айболат Қангелдин — кәсіби-шығармашылық факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары, ағайынды Сағадат, Жасұлан Салмановтар — «Самға» ЖШС-н басқарады.

ПОЭЗИЯДАН ҚУАТ АЛАМЫН

Тіл маманы емеспін. Бірақ поэзияға жақынмын, поэзиядан қуат аламын, жеке қызығушылығым ғой. Жақсы өлең — тұнған тәрбие.



өзімнің студенттік кезім еске түседі. Жастық жігер бойда тасып тұрғанда оқудан, қосымша еңбектен қашпайтынбыз. Тәртіпті едік. Бауыржан Момышұлының «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген сөзі бар ғой. Сылбыр жүрісті, жауапкершіліксіз кейбір жастарды көргенде осы есіме түседі.

МАҚТАНЫШҚА ЛАЙЫҚ ШӘКІРТТЕРІМ

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» дейді Абай,

ШӘКІРТТЕР ЛЕБІЗІ

Ләззат Оразбаева, Ақтөбе облыстық білім басқармасының басшысы, педагогика ғылымдарының магистрі

Мыңдаған шәкірттердің бой түзер асқар биік тауы іспетті, жас өмірде сәулелі бағдаршамына айналған ұстаздар көп. Сондай ұстаздарымыздың бірі болған Қорғанбеков Мергенбай Сейпілмәлікұлы шебер әдіскерлігімен, қайырымды істерімен есімде қалыпты.

Мен 1990 жылы педагогикалық училищені бітіргеннен кейін Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінде «Жалпы техникалық пәндер мен физика» пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша оқыдым. Тобымызда 27 студент болды, Мергенбай Сейпілмәлікұлы ол кезде жас маман еді.

Мергенбай ағайымыз әрбір студенттің жағдайын ойлап, олардың сабақ үлгерімі үшін алаңдап жүретін. Білім беруде өте талапшыл, жауапкершілігі жоғары, жүріс-тұрысы ұқыпты жан болды. Ағайынның біздің жақсы оқуымызға,



қай істі болмасын уақытында әрі тиянақты орындауымызға ықпалы зор болды. Ол жүрегі жұмсақ ұстаз, ылғи студенттердің халін сұрап тұратын. Жасыратыны жоқ, балалық көрсетіп, жұмсақтығын пайдаланып кеткен кездер болды. Бірақ, біз ұстазымызды ерекше сыйлап, бауыр тартатынбыз. Өте сауатты маман ретінде жадымызда қалды. Бір салада қызметтес болғасын ұстазымызмен хабарласып, жағдай сұрап тұрамын.

Айболат Қангелдин, кәсіби-шығармашылық факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

Ұстаздық тағылым мен ғылым жолына бар ғұмырын арнаған, адамгершілік бейнесі, парасаттылығы мен дарабоздығы өзара астасып, адам жанына жылылық пен адами құндылықты дарытатын қадірменді ұстаздарымыз бар, солардың бірі — Қорғанбеков Мергенбай Сейпілмәлікұлы.

Мен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде 1993 жылы оқуға түскен кезде, бүгінгі таңда «Бейнелеу өнері, кәсіптік және музыкалық білім» кафедрасының меңгерушісі болып отырған Мергенбай Сейпілмәлікұлының шәкірті атандым.

Ең алдымен, ұстазымыздың ерекше атап өтетін басты қасиеттерінің бірі — адамгершіліктің ақ туын әркез жоғары ұстауы. Ол өзі араласатын ортаның танымал азаматтары мен қарапайым шәкірттерін бір-бірінен бөліп, алапап көрген емес. Адамдармен араласу, өзара сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, ілім-білім алуға деген құштарлық, қызмет бабы және де басқа көптеген



күнделікті өмірде туындайтын мәселелерге қатысты ұстазымыз көп тәжірибе жинақтады. Ол кісі ұстаз бен шәкірт арасында айтарлықтай меже сақтай отырып, сабақ барысында аудиторияны меңгеріп алатын

Мергенбай Сейпілмәлікұлының алдынан тәлім алған талай жас мамандар бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде жауапты қызметтер атқарып жүрсе, олардың басым бөлігі білім беру саласында ұстаздық міндеттерін мүлтіксіз атқарып келеді.

Мергенбай ағайды турашыл мінезі, шындықты сүйі, әділдігі, әсіресе, кіршіксіз жан тазалығы үшін құрметтеймін. Ұстазымыздың өмірі мен еңбегі үлгі-өнеге болуға лайық.

Айқара бетті дайындаған Сандуғаш БАЙҒҰЛҚЫЗЫ

Кәсіби базар

Профориентация

Professional orientation

ЮНЕСКО-НЫҢ «ӨМІР БОЙЫ БІЛІМ АЛУ» БАҒДАРЛАМАСЫНА СӘЙКЕС ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ УНИВЕРСИТЕТТІҢ «ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІН» АШЫП «БІЛІМ» БАҒЫТЫ БОЙЫНША МАМАНДЫҚТАР ЛИЦЕНЗИЯЛАРЫН АЛДЫ. ЖАҢА АШЫЛҒАН «ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖ» ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ СҰРАҚТАРҒА ОНЫҢ ДИРЕКТОРЫ ГҮЛЖАН ҮЙСІНБАЕВА ЖАУАП БЕРЕДІ.

- Гүлжан Нұрланқызы, Жұбанов университетінің «Жоғары колледжі» қашан құрылды және оның негізгі міндеттері туралы айтып өтсеңіз.

- Қазақстан жаһандық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуге бағытталған еліміздің үшінші жаңғыруын іске асыруға кірісті. Оның басты мақсаты – Ұлт жоспарын орындау аясында еліміздің озық 30 елінің қатарына кіру. Сондықтан, бүгінгі таңда рухани жаңғыру ең өзекті міндеттердің алдыңғы қатарына шығып отыр. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Жоғары колледжі университет ректоры Ердембеков Бауыржан Аманкелдіұлының бастамасымен 2018 жылдың 1 маусымында ашылды. Университеттің Жоғары колледжі стратегиялық жоспарлау міндеттерін жүзеге асыру нәтижесінде аймақтағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында көшбасшы колледждердің бірі ретінде республикалық деңгей талаптарына сай колледжге айналуы көзделді.

- Жоғары колледждегі кәсіптік білім берудің негізгі бағдарламалары туралы айтып берсеңіз.

- Қазіргі таңда колледжімізде техникалық және кәсіптік білім мамандарын даярлау 12 мамандық бойынша жүргізіледі. Колледж күндізгі және сырттай оқыту түрлері бойынша да мамандар даярлайды, оқыту тілі – мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

- Алғаш рет қанша талапкер «Жоғары колледжге» қабылданды? Және де жоспарланған көрсеткіштер орындалды ма?

- 2018-2019 оқу жылында барлығы 375 білім алушы қабылданды. Оның ішінде «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі», «Информатика пәнінен бастауыш білім беру мұғалімі», «Шетел тілі мұғалімі» мамандықтары бойынша 75 білім алушы – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылданды, оның 207 білім алушысы ақылы бөлімге оқуға қабылданды. Сонымен қатар, Ұлттық бірыңғай тест (ҰБТ) сертификатымен жоғары балл негізінде 73 білім алушы қабылданып, оның екеуі «Алтын белгі» иегерлері. Барлығы қазақ бөлімінде — 226 білім алушы; орыс бөлімінде — 56 білім алушы. Жалпы орта білім негізінде — 158 білім алушы; негізгі орта білім негізінде — 124 білім алушы. Ал сырттай оқыту бөлімінде 105 студент қабылданды.

Биылғы оқу жылына 480 талапкерлерді қабылдау жоспарланды, ал 2019-2020 оқу жылына 600 талапкер қабылдау жоспарлануда.

- Жұбанов университетінің «Жоғары колледжі» өз алдына бірінші жаңа оқу жылында қандай жоспарлар мен міндеттер қойды?

- Колледждің күндізгі бөлімдері үшін штат бірліктері анықталып, сағаттық жүктемелер әзірленіп,



ЖАҢА АШЫЛҒАН «ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖДІҢ» ЖОСПАРЛАРЫ

бекітілді. Сонымен қатар, жұмыс жоспарлары да әзірленді (бюджеттік және ақылы бөлімдер үшін). Кабинеттерге тоқтала келсек, АЭД, биология, химия, информатика, физика пәндері бойынша барлық кабинеттер мен зертханалар календарлық тематикалық талаптарға сай әзірлену жоспарлануда.

Кадр тұрақтылығын сақтау мақсатында, барлық талаптарға сай педагог кадрлардың тарификациясы – (санаттары және еңбек өтілімі бойынша) есептелді.

Ақтөбе облысының білім басқармасына 2018 жылдың 1 қазанына дейін 2НК құрамы, 1-П қабылдау,

НОБД бойынша есептері қосымша лицензия алу жоспарлануда. 2018-2019 оқу жылында мемлекеттік тапсырыс беруді орналастыру бойынша 75 орын берілсе, 2019-2020 оқу жылына мемлекеттік тапсырыс беруді орналастыру бойынша 150 орынға конкурсқа түсу жоспарлануда. Үздіксіз білім беру институты мен колледждің байланыс орнату аясында 2018-2019 оқу жылында 1 білім алушыға меценаттық жеңілдік берілсе, 2019-2020 оқу жылында 3 білім алушыға меценаттық жеңілдік алу жоспарлануда.

Дамыту тетіктері бойынша айта кетсек, 2018-2019 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» және «Құқықтану» мамандықтары бойынша дуалды оқытуды жүзеге асыру ұйымдас-тырылууда. Ақтөбе облысы білім саласындағы бақылау департаментімен бірігіп, облыстық деңгейде «Кәсіптік және техникалық білім саласындағы өзгертулер мен жаңартулар» атты семинар өткізу жоспарланды. Сұраныстың техникалық мамандықтарға көп болуына байланысты, 2019-2020 оқу жылына 8 мамандыққа

қосымша лицензия алу жоспарлануда. 2018-2019 оқу жылында мемлекеттік тапсырыс беруді орналастыру бойынша 75 орын берілсе, 2019-2020 оқу жылына мемлекеттік тапсырыс беруді орналастыру бойынша 150 орынға конкурсқа түсу жоспарлануда. Үздіксіз білім беру институты мен колледждің байланыс орнату аясында 2018-2019 оқу жылында 1 білім алушыға меценаттық жеңілдік берілсе, 2019-2020 оқу жылында 3 білім алушыға меценаттық жеңілдік алу жоспарлануда.

Сұқбатты жүргізген
Салтанат КУСТАНОВА



5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

ТІЛДЕР ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ



АНА ТІЛІМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ

Өмірбаева Күләш Охасқызы, филолог-ғалым, «Педагогика, психология және бастауыш оқыту» кафедрасының профессоры

Мемлекеттік тіл – көп ұлтты елдің халқын саяси-мәдени бірлікке ұйымдастырудың құралы екені баршаға мәлім. Тіл – қастерлі, құдыретті, рухани әрі тарихи құндылық. Тіл – достықтың кілті, ырыс-берекенің негізі. Қазақстанда 130-дан астам ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келеді. Ақтөбе облысында 18 ұлттық этномәдени орталығы бар. Біздің университетте де өтетін мәдени-танымдық шаралар кезінде түрлі тілде үйлестірілген студенттер өз араларында бірлік пен татулықты нығайтып, туған тілін, дінін, салт-дәстүрлерін сақтай отырып, жеке рухани мүмкіндіктерін ашуға, интеллектуалдық ой – санасын байытуға мүмкіндік алады. Педагог-ғалым ретінде ана тіліме ылғи жанашырлық танытып, қолдау көрсетуді борышым санаймын. Тілге құрмет сезімін баланың бойына ерте сіңдіру қажет. Өткен оқу жылында қаладағы №56 орта мектептің жоғары 11-класс оқушыларымен университет студенттерін бірлестірген зияткерлік үйірме жұмысы істеді. Онда жастардың өмірге үйлесімді дамуы тақырыбында көп мәселелер талқыланды, игерілді. Үйірме жұмысы «Оқушылардың өмірге үйлесімді дамуы» тақырыбында тоғыстырылып, білім, ғылым, отбасы, махаббат, туыстық, достық т.б. тақырыптарда әңгімелер жүйелі қозғалды. Үйірме жұмысына мұғалімдер: Қалуова Алтынкөз Ергалиқызы, Керімбаева Ақмарал Ғалымжанқызы белсене ат салысты.

Үйірмеде жастардың рухани және кәсіби білімін дамытуға, қазіргі заманға үйлесімді тәрбие беруге тырыстық.

Білім, ғылым, отбасы, махаббат, туыстық, достық т.б. тақырыптарда да әңгімелер жүйелі қозғалды. Әрине, тіл мәселесі де назардан тыс қалмады. Оқытудың ақпараттық технологиясын пайдалана отырып, адамзат құндылықтарын талдау кезінде оқушылар мен студенттерге көзқарас еркіндігін ұсындық. Қазақ тілінде шұрайлы сөз шеберлігіне бейімдедік. Үйірме мүшелері арасында Әділхан Мөлдір, Төлегенова Күнсәуле, Жұмабаева Гүлдана, Ербаева Мағрипа тәрізді жастар өте тиянақты, зеректік көрсетті.

Бүгінде көп тілді білім беру – күн тәртібінде тұрған көпқырлы мәселе. Біздің заманымыздың болашағы – сауатты, көп тіл білетін, құбылмалы заманға ыңғайлы, кез келген жағдаяттардан шығу жолын таба алатын жастардың қолында. Ақпараты ағылған жүйрік заманның алуан талаптары мен міндеттеріне өз бетімен ойлай алу қабілеті жоғары, ақылмен шешім қабылдай алатын, шығармашылық ізденістегі, тіл игеруге құлшынысы бар жастар ғана төтеп береді. Қазақстанды әлем халқы үш тілді бірдей қолдана алатын жоғары дәрежелі мемлекет ретінде танытын уақыт туатынына сенемін.

Өз ана тілін білу әр адамның міндеті. Орыс тілінде көп ұлт халықтары сөйлей алатын болғандықтан, ұлтаралық қарым-қатынас жасауға өте тиімді. Ал ағылшын тілінің жаһандық кеңістікке, жаһандық экономикаға кірігуі тілі ретінде мүмкіндігі мол. Жалпы тіл үйренуге шек қойылмайды. Полиглот болу адамның өзіндік ерекшеліктеріне жатады.

Латын қарпіне көшу мәселесі туралы да пікірді айта кетсем. Латын қарпі қазақ тілін әлемдік деңгейдегі коммуникация, бейімделген интернет технологияларға өте жақындатады. Бұл өзгеріс қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуника-

цияның, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Мемлекет басшысы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасында 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін және болашақта барлық саладағы іс қағаздары мен оқулықтар да, мерзімді баспасөз де осы латын әліпбиімен жазылуы тиіс екенін айтты. Бұл туралы көп айтуға болады. Өткен тарихты еске түсірсек, 1929-1940 жылдары аралығында «Еңбекші қазақ» және «Социалистік Қазақстан» кезінде латын әліпбиімен шыққан болатын. Сондықтан латын әліпбиіне көшу - табиғи жалғастық. Уақыт өте келе, біртіндеп қолданысқа енгізіліп, қол да, көз де үйреніп, рухани жаңғыруға нақты қадам жасалады деген ойдамын. Латын графикасы арқылы таңбаланған қазақ әліпбиінің қабылдануы — тың жаңалық бұл қадамның қазақ халқын жаңа биіктерге бастайтыны сөзсіз. Халық қабылданған реформаның дұрыстығына көз жеткізеді деген ойдамын.

Елімізде жыл сайын аталып өтетін тіл мерекесінің әсіресе жастар үшін маңызы зор. Әрбір жас өзінің ана тілінің болашағына жауапты екенін сезінуі керек. ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың әр ірі басқосуларда атап көрсететіндей тәуелсіз елімізде ұлттық мәдениетіміз бен ана тілімізді қолдау, өркендету, қайта жаңғырту мақсатында әрбір студент өз ана тілінің мәртебесін, соның ішінде мемлекеттік тілді қолдап, тың бастамаларға пайдаланып, игі дүниелер мен жаңа білімдер саласында серпіліс жасауға ұмтылуы қажет.

«Өнер алды — қызыл тіл» дейді халық даналығы. Сөздік қоры мол, өнерде де, білімде де, қарым-қатынаста да дәнекерлікке негіз бола алатын оралымды қазақ тілі, ана тіліміз — қасиетті халық мұрасы, асыл қазына.

Студенттер сарайында Қазақстан халықтарының тілдері күніне орай Жұбанов университетінің шетел тілдері факультетінің ұйымдастыруымен «Тіл — ұлт тірегі» тақырыбында тілдер фестивалі өткізілді.

Фестиваль бас оқу ғимаратының алаңында ұйымдастырылған ұлттық тағамдардың көрмесімен ашылды.

Мерекелік шараны университет ректоры, профессор Бауыржан Ердембеков құттықтау сөзімен ашып, «Тілдер мерекесін тойлауды 5-ші қыркүйекке белгілеу жай емес. Бұл күні қазақтың біртуар перзенті Ахмет Байтұрсынұлы дүниеге келді. Тіл — ұлтаралық тату-



лық кепілі. Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Елімізде 130-дан астам ұлттар өзара ынтымақтастықта өмір сүруде», — деді. Сондай-ақ, ректор университетте студенттердің жан-жақты дамуы үшін барлық жағдай жасалып отырғанын, олар үшін әлемнің барлық есігі ашық екендігін, білімдерін шет елдерде жалғастыруға жақсы мүмкіндіктер бар екенін атап көрсетті. Сонымен қатар оқу орнында жыл сайын үш тілде жүргізілетін пәндер көбейіп, сапалы білім беретін оқытушылар саны артқанын мақтанышпен жеткізді. Жаңадан ашылған орталықтар мен тілдік курстардың жұмыс жасайтыны туралы да айтып өтті.

Фестиваль қонақтары өнерпаз студенттердің ана тілге құрмет, ынтымақтастық және келісім тақырыбын қамтыған концертін тамашалады. Концертте қазақ, орыс, ағылшын, француз, неміс, қытай, әзірбайжан тілдерінде ән айтылып, ұлттық билер орындалды.

Сондай-ақ, мерекелік шарада студенттер арасында «Квест» ойыны, «Тілтаным» жаңылтпаштар сайысы, «Әнді жалғастыр» секілді қызықты ойындар өткізілді.

Сандуғаш БАЙФҰЛҚЫЗЫ

● Отбасы күні

● День семьи

● Family

Отан отбасынан басталады. Елімізде 8 қыркүйек Мемлекет басшысының Жарлығымен отбасы күні болып белгіленді. Жанұялық құндылықтарды нығайтуда бұл күннің маңызы зор болмақ. Университетімізде бірлігі жарасқан отбасылары көп. Солардың бірі – «Құрылыс» кафедрасының меңгерушісі, профессор Байзақ Разақұлы Исакуловтың жанұясы. Мереке тұсында тілшіміз Ажар Қунарова ынтымағы ұйыған отбасымен танысып қайтқан еді.

Екі жыл әскери борышымды өтегеннен соң әжем де ойланып, жүрегім қалаған оқуыма түсуіме қарсы болмады. Сөйтіп Ресейдің Владимир қаласындағы политехникалық институтына түстім», - дейді Байзақ Разақұлы жастық шақтағы өмір қалтарыстарын еске алып.

Политехникалық институтын үздік бітірген жас маман Байзақ Исакулов Владимир қаласының құрылыс зауыттарының біріне жұмысқа қабылданды. Сол жерде жүріп ол Самарқан медициналық институтының түлегі, дәрігер Нәзира Жантулиевамен танысады. Нәзира да жоғары оқу орнын бітіргесін



Жағдыралы отбасы

Коммунистік заманда дүниеге келіп, қазақи тәрбие алған Байзақ Исакуловтың шағын Отанының іргесі қалаңғанына биыл 30 жыл толған екен. Ол 1964 жылы Қарақалпақстанда, дәрігерлер отбасында дүниеге келіп, үйдің тұңғышы болғанын, қазақи дәстүр бойынша ата-әже бауы-

рында өсіпті. Сондықтан болар әңгіме арнасын тұлға болып қалыптасуына тікелей әсер еткен сол аяулы жандардың тәліміне қарай бұра берді. «Менің атам ел-жұртқа сыйлы ақсақал болды. Балалық бал дәуренім ауыл баласына тән атқа мініп, жантақ теріп, доп қуып, бақытты өтті.

Ой-зердемің дамуына әжемнің қосқаны мол. Мақалшыл, елең-жырға жаны құмар жан еді. Сыртқы шаруа аяқталып, кеш батқанда оңашаланып, маған «Қобыланды батыр» жырын дауыстап оқытатын. «Оқы» деген сөзді көп айтатын. Мектеп бітіріп жатқанда әке-шешеме кеңес

беріп, алыстағы Ленинград ауылшаруашылық институтына оқуға түсуге ақ батасын беріп, аттандырған да – асыл әжем. Өкінішке орай ауылшаруашылық саласында оқу маған мүлдем ұнамады. Әжем үшін амалсыз шыдадым. Бірінші курс аяқталысымен, өзім сұранып әскер қатарына кеттім.

Владимир қаласына жолдамамен жұмысқа жіберіліпті. Екі жас басында жерлес ретінде дос болып, араласып жүреді де, достық сезімі махаббатқа ұласып, осылайша жат жерде қазақ отбасы құрылады. 1989 жылы Байзақ пен Нәзира Исакуловтардың отбасында тұңғышы дүниеге келді.





Немересінің атын Байзақ Разақұлының анасы қойды. Биігі мен жарығы мол болсын деген ниетпен, Жұлдыз деп. Одан соң отбасын 1992 жылы туған ұлы Әбілқайыр, 1997 жылы туған Айнұр және 2000 жылы туған Нәубахар есімді қыздары толтырды.

...Табиғатынан ізденімпаз Байзақ Исакулов 1990 жылы өзі оқыған Владимир политехникалық институттың аспирантурасына оқуға түседі. Аспирантураны сәтті аяқтаған ол Ташкент қаласына қоныс аударып, еңбек жолын сондағы архитектура-құрылыс институтында жалғасты-

рады. Ал 2016 жылы Иваново политехникалық мемлекеттік университетінде докторлық диссертациясын қорғайды.

Өзгеден жақсылықты мол көрген адамның өзгеге жақсылығы да мол болады. Профессор Байзақ Исакуловтың тәлім-тәрбиесін көрген шәкірттері бүгінде құрылыс саласында еңбек етуде. Ғылым саласына бет бұрған аспиранттары мен магистранттарын ұстаз «балаларым» деп атайды. Иваново қаласында докторантурада оқып жүрген кезінде Оңтүстік Африка Республикасының тумасы Сара Голевой деген ба-

уырына тартқан қызы болыпты. Қазіргі таңда ол Франция елінде қызмет атқаруда екен. «Өзімнен туған төрт балам бар. Жұлдызым тұрмыста, ұлым Әбілқайыр жақында отбасын құрды, келін түсірдім. Үш жиен-немерем бар. Ал Сара туған қызымдай болды. Жетістіктерін мақтан етіп отырамын», - дейді ұлағатты әке сүйсініс сөзіммен.

Оқу-тоқумен жүріп, Б.Исакулов түзде көп жүрді. Тіпті айлап отбасын көре алмаған кездері бар. Осы ретте, жарына жағдай жасаған отбасы ауыртпалығын уақытша мойнына алып, балаларына баскез болған жұбайы На-

зираға деген ризашылығы өмірлік.

«Әкем қатаң тәртіптің адамы, әсіресе маған келгенде», - деп күледі ұлы Әбілқайыр. - Тағы бір ерекшелігі тазалықты қадағалайды. Әкеміздің еңбекқорлығы, кітапқұмарлығы ағайынды төртеуіміздің де бойымызға дарыған. Оның маған ең алғаш сыйлығы да кітап болды. Есімде ертегілер жинағы еді. Жұлдыз әпкемнің мінезі мен талғамы әкеме өте ұқсайды. Екі көнже қарындасарым - отбасының сүйіктілері. Менің келбетім әкеме тартқанмен, жан-дүнием анама жақын. Әкемді қатты сыйлап, құрметтеймін. Ол мен үшін үлгі тұтар биік тұлға. Әкем өте мейірімді, жақсы адам. Жаңа түскен келінін қатты еркелетеді».

Мамандығы заңгер Жұлдызы әкесінің нөмірі бірінші кенесшісі. «Өмір болған соң әртүрлі жағдайлар болады. Кез-келген жағдайда Жұлдызыммен кеңесемін. Өйткені екеуіміздің ойымыз да, сөзіміз де бір жерден шығады. Маған тартқан өзі. Мен өзім бала кезімнен спортпен айналыстым, Өзбекстан Республикасының бокстан спорт шеберімін. Ұлымды да спортқа баулы-

дым. Бірақ бері келе баламның спорттан гөрі әдебиетке жақын екенін байқап, кәсіби спортшы бол деп қысқатамын. Айнұрым өте тентектеу, бірбеткей, ерке болды бала кезінен. Бес жасқа дейін қасымда, қолымнан ұстап жатып ұйықтайтын еді. Мектепке баратын кез келгенде сабақ оқығысы келмей, қашатынды шығарды. Ерке қызымның қылығына алаңдай бастадым. Бірақ, 10 жасқа келгенде ол сабаққа ынталанып, оқуда озат атанды. Сөйтіп мектепті де табысты аяқтады. Қазір студент. Нәубахарым наурыздың 21-де дүниеге келді. Есімін үлкен апам қойды. «Нәу» - үлкен, «бахар» - көктем деген мағына береді. Менің бар байлығым - отбасым», - деп тебіренеді ғалым-құрылысшы.

Қазіргі таңда Байзақ Исакуловтың 100-ден аса ғылыми еңбектері жарияланым көрген Ресей және Қазақстан Республикасында 4 инновациялық патенттердің авторы, көптеген халықаралық ғылыми гранттардың иегері. Ол жұбайы, бала дәрігері Нәзира Тұрғалиқызымен балаларының ыстық ықыласы мен шексіз құрметіне бөленіп жүрген бақытты жандар.



Денсаулық пен сұлулық апабы

Полоса здоровья и красоты

Line of health and beauty

У природы нет плохой погоды. Однако сложно согласиться с этим утверждением, когда за окном дождь и спякота. Несмотря на то, что осень - время эмоционального спада, это вовсе не значит, что все люди должны впасть в депрессию. Все зависит от психологических особенностей человека и от того, как он воспринимает реальность. «Осенний синдром» может проявляться по-разному: от легкого чувства уныния он может перерасти до полной безысходности и нежелания что-либо делать.



В данном материале мы привели несколько основных признаков осенней депрессии. О том, как определить тревожные симптомы и своевременно с ними справиться рассказала врач-психиатр студенческой поликлиники университета Жубанова Хамитова Жанар Муратовна. Доктор Хамитова является и.о.доцента курса психиатрии и наркологии ведет научное исследование с врачом-психиатром, ассистентом курса психиатрии и наркологии Станиславом Зайнуллиным.

«Осенняя депрессия - это неустойчивое, психоэмоциональное состояние, для которого характерны перепады настроения, зачастую со снижением фона, скудность мышления, заикливание, а также заторможенность. Человек, испытывающий осеннюю депрессию, сдерживает свои потребности, ищет себя и не способен ощущать удовольствие от жизни. Отмечается цикличность осенней депрессии, которая провоцирует общее недомогание, а также выступает в качестве причины целого ряда заболеваний. Самый благоприятный период - с середины октября по февраль. Этот период характеризуется подавленностью, неустойчивостью, полусонным состоянием. Причины осенней депрессии кроются в укороченном световом дне, пасмурной дождливой погоде, темных одеждах и серых буднях, что непосредственно оказывает влияние на настроение. И действительно, зачастую с окончанием

лета, отпуска, теплого солнечного света, приближением безрадостно повторяющихся монотонных осенних дней, накатывает тоска и уныние. Если вы замечаете за собой такие особенности, то это симптомы осенней депрессии», - начала беседу Жанар Муратовна.


Далее врач выделила 5 основных признаков осенней депрессии и дала советы по их устранению.

Признак №1 - подавленное и тоскливое настроение, стремление к одиночеству

Совет: Чтобы не дать возникнуть депрессии — нужно общение. Необходимо, чтобы рядом был друг-единомышленник, психологически совместимый человек, можно и два. Ходить в театры, на концерты тоже желательно не в одиночку, а хоть со случайным, но спутником, соседкой, сослуживцем. В театрах поднимается дух, сопровождаемый раздвиганием обстановкой. Свою квартиру тоже надо устраивать соответствующим образом. К примеру, красный цвет возбуждает, но быстро переутомляет. Желательно, чтобы в интерьере присутствовали светлые, оранжевые и желтые оттенки. Избегать депрессии помогает солнце, небо, меньше буро, черного перед глазами и больше зелени. Рекомендуется несколько раз в день выходить из помещения наружу, на солнечный свет. Считается, что особенно благоприятно наблюдать за восходом солнца.

Признак №2 - отсутствие аппетита, сонливость, резкое снижение активности

Совет: В данном случае необходим рациональный режим, движение, правильное питание. В



ОСЕННИЙ СИНДРОМ:

5 ПРИЗНАКОВ СЕЗОННОЙ ДЕПРЕССИИ

пище должны присутствовать разнообразие витаминов, бананы, бобы, растительное масло, овощи, рыба. А вот мясо стоит употреблять поменьше. В более легких случаях рекомендуется использовать фитотерапию, например, пить травяные чаи: мяту, пустырник. Также для лечения депрессии необходима физическая активность: ежедневные пробежки, занятия спортом, фитнесом и пр. Полезны упражнения на гибкость. Сформируйте подходящий режим дня и, по возможности, пробуждайтесь и ложитесь спать в одно и то же время, если не хотите сбить свои биологические часы. Займитесь спортом, и тогда организм не замедлит отблагодарить вас хорошим самочувствием. И, наконец, для лечения этих состояний применяют такие способы поднятия тонуса, как иглоукалывание, ароматерапия, арт-терапия и медитация.

Признак №3 - излишняя раздражительность

Совет: Улыбайтесь! И вокруг всем обязательно станет светлей, ведь недаром так поется в детской песенке. Улыбка не только поднимает настроение, но и заставляет людей забывать обо всех неприятностях. Дело в том, что она способствует выработке эндорфинов — гормонов счастья. «Раз в день подходите к зеркалу и говорите себе: «Я спокоен(-на) и уравновешен(-на), я люблю этот мир и у меня обязательно все будет хорошо». Пусть это войдет в привычку. Научитесь отвлекаться от вещей, которые вызывают у вас раздражение, попробуйте переключать внимание на другие занятия. Избавьтесь от завышенных требований, ведь именно они являются причиной раздражительности.

Признак №4 - повышенная обидчивость

Совет: Откажитесь от идеи, что люди воспринимают мир, сходным с вами образом, и если что-то необходимо, то обращайтесь с просьбой, без ожидания, что телепатическая связь заработает, при этом будьте готовы одинаково принять как согласие, так и отказ. Люди, пусть даже близкие и родные, не являются вашей собственностью и не подчинены контролю, поэтому расстраиваться и обижаться за то, что они проявляют себя, как им нравится, является удручающим занятием. Обидчивость — это готовность человека обижаться постоянно, когда следует и когда нет, это, можно сказать, хроническая обида. Обида — это неоправданные ожидания и надежды, так что старайтесь держать свои фантазии в рамках и снизить уровень ожидания от окружающих людей. Вы можете хотеть от них внимания и тепла, но они не обязаны вам это предоставлять, вы можете ждать от них помощи, но они не обязаны ее оказывать.

Признак №5 - низкая самооценка и негативное отношение к себе

Совет: Доказано, что страдающий от осенней депрессии, испытывает трудность при контролировании своих негативных эмоций, что и провоцирует депрессивное состояние. В группу риска относятся тревожных, эмоциональных, а также замкнутых людей. Психотерапия помогает изменить свои негативные мысли, а также поведение. Врач научит здоровым способом облегчения своего состояния, закрепит с вами методы расслабления, поможет бороться



Тырнақ әрлемі

Тырнақ сұлулығы қол күтіміне тікелей байланысты. Ал сұлулықтың кепілі – тазалық. Дене тазалығы тері күтімінен басталады. Тері күйінің ағзаның қалыпты қызмет атқаруында маңызы зор. Күнделікті тұрмыста адамның терісі бірінші кезекте кірге шалынады. Әсіресе, сыртқы ортамен тікелей байланысқа түсетін қол терісі. Күтімсіз тері арқылы ағзаға микробтар өтеді де, түрлі ауруларға жол ашылады. Сондықтан тәуліктік тері гигиенасын сақтауда қолды иіс сабынмен жиі жуып тұру керек. Ал денені түгел тазалау керек.

-Күз айларында тырнақ күтіміне қаншалықты назар аудару керек?

-Тек күзде ғана емес, жылдың төрт мезгілінде де тырнақ күтіміне көңіл бөлу керек. Тырнақ күтімінде жеке гигиеналық ережелерді сақтаудың маңызы зор. Үнемі маникюр (тырнақ еттерін алу) жасаып, күнде қолға және тырнаққа крем жағу әдетке айналуы тиіс.

-Гельді маникюрдің биылғы күздегі сәндісін қандай түстер?

-Күз айларында қыз-келіншектер қызыл, қызғылт, борлат, қоғыр



және күңгірт түстерді таңдайды. Көңіл-күйіне мезгіл ықпал жасайтын әйелдер де бар. Олар ашық түсті гельді маникюрді ұнатады. Сондықтан тырнақ сервисіндегі і маман үшін басты қағида – тұтынушы таңдауын ескере отырып, сапалы қызмет көрсету.

- Гельді маникюр сәулелі аппараттар арқылы жасалады. Осы әдістің денсаулыққа әсері бар ма?

-Ешқандай әсері жоқ. Егер шебер сапалы материалдармен жұмыс жасаса, талапқа сәйкес қызмет көрсетсе денсаулыққа зияны болмайды. Керісінше, мұндай маникюр тырнақты берік қылып, зақымданудан сақтайды. Табиғи көрінеді, оны бір қарағанда қарапайым лактан еш айыруға болмайды. Қоса кететін жайт, тұтынушы уақытылы коррекцияға келіп, гель жамылғыны жаңартып отырғаны дұрыс. Себебі, гельжамылғының ұзақтығы 3-3,5 аптадан аспайды.

-Ерлердің тырнақ күтімі жайлы не айтар едіңіз? Сіздің қызметіңізге жүгінетіндер арасында ерлер болады ма?

-Қазіргі таңда ер адамдар да тырнақ күтіміне назар аударады. Дегенмен олардың қатарының аздығы рас. Менің қызметімді тұтынушылар арасында 2-3 ер адам ғана бар.

лықта ұстау үшін күнара душта шайынып, аптасына бір рет моншаға барып жуыну қажет екені айтпаса да түсінікті.

Кір қолдың терісінде неше түрлі жұқпалы ауру тарататын микробтар көбейеді. Әсіресе жұқпалы ішекқарын инфекциясы, құрт инвазиясы, гепатит вирустарының қаупі еселенеді. Қолдағы барлық бактериялардың 90 % тырнақ астында жиналатыны тағы белгілі.

Үй тұрмысында тырнақты күту аса қиын емес. Дегенмен, арнайы салондардағы маманға маникюр жасатқан орынды. Маникюр саласындағы соңғы жаңалықтардың бірі — гельді маникюр. Бұл өз тырнағын күтуге уақыты бола бермейтін қыз-келіншектерге таптырмас шешім. Осы ретте гельді маникюр жасау шебері Гүлдана Жұбатовамен жолығып, қызықтырған бірнеше сұрағымызға жауап беруін өтінген едік. Айта кетейік, Гүлдана Жұбанов университетінің түлегі, оның университеті қабырғасында игерген «Педагогика және психология» мамандығының тұтынушылармен дұрыс қатынас орнатуда біраз септігі бар

с вашими страхами. Дополнительные методы, как медитация, аэробные упражнения, релаксация дадут аналогичные хорошие результаты.

В любом случае с тоской, депрессией надо бороться, относиться к этому решительно и серьезно, ни в коем случае не играть в хандру, это вредно и даже очень опасно. Депрессия — источник инсульта, инфаркта, диабета. Словом, надо понимать, что игра в хандру, депрессию, культивирование жалости к себе совершенно неприемлемы и, возможно, даже более опасны, чем курение. Как бы ни тяжела была жизнь, а очень многое в ней, в том числе и здоровье, и продолжительность ее, в значительной степени в наших руках. «Борьба ведь тоже увлекает, затягивает. Надо просто хотеть жить»,-заверила Жанар Муратовна.

в учебную колею. Для быстрой адаптации ему необходима мотивация. Сделать это могут новые предметы, занятие спортом, интересным хобби»,-делится она. На вопрос о том, как сильно влияет осень на психологическое состояние человека в целом, будущий психолог отвечает: «Осень, как сезон года, чаще всего влияет на настроение человека. Все зависит от того, как вы себя настроите и какая обстановка будет в вашем окружении». Также Раушан отметила, что депрессивное состояние чаще встречается среди подростков. Ведь именно в подростковом периоде дети готовы бороться за свою свободу. Они отчаянно добиваются, чтобы их считали взрослыми, и глубоко негодуют, когда с ними обращаются, как с детьми.

А студентка Диана Кунанбаева считает, что человеку не стоит



Кафедра «Педагогика и психологии» уже много лет готовит кадров по психологии в регионе. Студенты во время учебной практики в школах сталкиваются с различными жизненными ситуациями и учатся оказывать психологическую помощь нуждающимся. Студентка 4 курса Раушан Жумаева говорит, что после летних каникул и у школьников может проявиться осенняя апатия. «В данном случае ученик еще не вошел

списывать свое негативное состояние на погодные явления. Она поддерживает мнение своей одногруппницы Раушан в том, что все зависит от собственной позиции человека. «В случае обращения человека с депрессивным состоянием, психолог должен слушать своего собеседника, узнать причину сложившейся проблемы и помочь с ее решением»,-утверждает Диана.

Салтанат КУСТАНОВА

Гүлнара ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ

Тәтті тоқаштар

Жаз аяқталып, қоңыр күз де келді. Адамның жаны жабырқау тартып, көңілдерде бимәлім мұң пайда болатын табиғат мезгілі. Осындайда жанға жылу сыйлайтын ыстық күрең шәй ішіп, исі бұрқыраған тәтті тоқашпен ауыз бастыраанға не жетсін. Тоқаштардың түрлері көп. «Студенттер асүйінің» бүгінгі аспазы, «Қазақ филологиясы» мамандығының 2 курс студенті Айнұр Айтқұл дайындаған тоқаштың жасалу жолдары төмендегідей.



Тәтті тоқаштар (пончик) дайындау үшін қажетті заттар:

- *жұмыртқа - 1 түйір.
- *ерітілген сары май - 40 г.
- *қант-70 г.
- *су- 30 мл.
- *ашытқы-14 г.
- *сүт- 130 мл.
- *ұн - 400 г.
- *ванилин - жарты ш.қ.
- *тұз - жарты ш.қ.

Дайындау жолы:

- 1** Жылы сумен 2 қасық қант пен ашытқыны ерітесіз.
- 2** Ыдыста ұн, қант, ванилинді араластырып, үстіне тұз себесіз.
- 3** Сүтті қыздырып, оған жұмыртқа мен майды қосыңыз.
- 4** Барлығын араластырыңыз.
- 5** Қамырға шар тәрізді пішін беріп, жылы жерде бір сағатқа қалдырыңыз.
- 6** Қамыр 2-3 есе көтерілген кезде, оны илеңіз.
- 7** Тоқаштарға бірдей пішін беру үшін шыны және пластик бөтелкенің қақпақтарын пайдалануға болады.
- 8** Әрбір тоқашты екі жағынан фритюрницада қуырыңыз.
- 9** Безендіру үшін қант ұнтағын себуге болады (өз қалауыңызша).

Ас болсын!

Бетті дайындаған Ажаргүл КУНАРОВА

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде қайта тіркеліп, №16883-Г куәлігі 08.02.2018 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады. Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University
облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:

ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК-ы

Ректор
Бауыржан Ердембеков

Бас редактор

Гүлнара Қараша

Тілшілер:

Сандуғаш Дүйсенбаева
Ажаргүл Қунарова
Салтанат Қустанова

Аудармашы:

Ақбота Орманбекова

Дизайнер:

Айгерім Нуршина

Фотограф:

Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:

030000, Ақтөбе қаласы,
Ә. Молдағұлова даңғылы, 34,
200 «б» бөлме
Тел: 8 (7132) 55 23 21

E-mail:

zhubanovpress@mail.ru

Сайт: www.arsu.kz

Facebook: Пресс-служба
университета Жубанова
Instagram: zhubanov.official
Таралымы: 5000 дана